

Келісемін:

ДТІЖ орынбасары


 Ермуханбетов С.К

« _____ » _____ 2025 жыл

Бекітемін:

«Тасты ауылының жалпы
орта білім беретін мектебі»

КММ-нің директоры:

 Р.Я. Османова

« _____ » _____ 2025 ж.



«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сынып жетекші: Бақытбек Ерболат

2025-2026 оқу жылы

«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының атауын «Адал азамат» деп өзгерту туралы шешім қабылдады. (бұдан әрі – Бағдарлама). Бағдарлама бұған дейін іске асырылған бастаманың толыққанды жалғасы болып табылады. Бағдарламаның түпкі мақсаты «Адал азамат» тұжырымдамасының идеалдарына сай, патриоттық рухта тәрбиеленген, білімді әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыру. Жаңа оқу жылында тәрбие жұмысы МЖМББС сәйкес айқындалған 6 негізгі бұқұндылық негізінде ұйымдастырылады. Бағдарлама мазмұнына сәйкес ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- **Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;**
- **Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы;**
- **Қараша – әділдік және жауапкершілік айы;**
- **Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;**
- **Қаңтар – заң және тәртіп айы;**
- **Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;**
- **Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;**
- **Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;**
- **Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.**
- **Маусым – жасампаздық және жаңашылдық айы;**
- **Шілде – заң және тәртіп айы;**
- **Тамыз – заң және тәртіп айы.**

2024–2025 оқу жылының қорытынды сауалнамасының нәтижесіне сәйкес, жаңа оқу жылында Бағдарлама аясында ұсынылған 6 әлеуметтік жоба мен алдын алу шаралары бойынша жұмысты күшейту ұсынылады.

Жүзеге асырылуға ұсынылған жобалар:

- «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.
- «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды (кесте-9):

9-кесте. Тәрбие процесінің жүйелі ұйымдастырылуы

1 «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру (асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.)

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды. Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарда орналастырылады

2 «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті жеке әңгімелесуі

«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлық және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу

3. Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

Білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған сынып сағаттарын ұйымдастыру 4 «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас;
- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам.

«ДОСБОЛІКЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНДІРУ ТУРАЛЫ

Жобаның мақсаты: Қазақстан Республикасындағы орта білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алуға бағытталған кешенді жүйені іске асыру.

Іске асырудың негізгі қадамдары:

1. Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту.
2. Мектептік буллингке қарсы команда құру.
3. Қақтығыс болуы мүмкін аймақтарды бейнебақылау жүйелерімен жабдықтау (мүмкін болған жағдайда).
4. Педагогикалық ұжымға түсіндіру семинарларын өткізу.
5. Іс-шараларды тәрбие жұмысы жоспарына енгізу.
6. Әлеуметтік-психологиялық ахуалды диагностикалау жұмысын жүргізу.
7. Мамандардың біліктілігін арттыру.
8. Қызметкерлерге әрекет ету алгоритмдері жөнінде нұсқаулық беру.
9. Білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және эмоциялық интеллектін қалыптастыру.
10. ППҚО-да ата-аналарға арналған сабақтар өткізу.
11. Әлеуметтік ахуалға тұрақты мониторинг жүргізу.

9- сыныптардың сынып сағаттарының жұмыс жоспары				
Қыркүйек – еңбеккорлық және кәсіби біліктілік айы 1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс- шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I тоқсан				
1-апта дәйексөзі: Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға (А.Құнанбайұлы) 02-05.09.2025ж.				
1	1 қыркүйек -Білім күні. <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 1-САБАҚ: 9- сыныптар: Қазақстандағы сенім телефондарының және шұғыл қызметтердің нөмірлері	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.09.25ж.
2-апта дәйексөзі: Ата-ана қадірін білмеген – халық қадірін біле алмас. Халық қадірін білмеген – ата-ана қадірін біле алмас.Ғабиден Мұстафин 08-12.09.2025ж.				
2	<u>Отбасы — бақыт мекені</u> <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 2-САБАҚ: 9- сыныптар: Экстремалды әуестер: қауіпті жағдайлардан қалай аулақ болу керек?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	08.09.25ж.
3-апта дәйексөзі: «Еңбек етсең жетесің, Өрлеп таудың шыңына.» 15-19.09.2025ж.				
3	<u>«ДОСБОЛLIKE»</u>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.09.25ж.

	«Буллингтен қорған! » <u>«Позитивті ойлау-өміршеңдіктің көзі»</u> <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 3-САБАҚ: <i>9- сыныптар: Жанжалды қалай шешуге болады?</i>			
4-апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.(Абай) <u>22-26.09.25ж.</u>				
4	«Болашақ маман иесі – бүгінгі оқушы» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 4-САБАҚ <i>9- сыныптар: Ата-ананың сенімі мен үшін маңызды</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.09.25ж.
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 қазан – Республика күні				
1-апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!» <u>29.09-03.10.25ж.</u>				
5	Қарттың сөзі – ақылдың көзі <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 5-САБАҚ <i>9- сыныптар: Интернеттегі жәбірлеу: бұл не және онымен қалай күресуге болады?</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	29.09.25ж..
2-апта дәйексөзі: ««Туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың». <u>06-10.10.25ж.</u>				
6	«Ұстаз – ұлы тұлға» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 6-САБАҚ <i>9- сыныптар: Фейктер және деректер: жауапкершілік туралы не білу керек</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	06.10.25ж.
3-апта дәйексөзі: Өз Отанын жан тәнімен сүю – адамшылықтың асқар шыңы.				
7	«Ойынға салауатты көзқарас»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	13.10.25ж.

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 7-САБАҚ 9- сыныптар: Өзіңізге зиян келтірмеу үшін «жоқ» деп айтуға қалай үйренуге болады?			
4-апта дәйексөзі: Әрбір ержүрек, шыншыл адам өз Отанына абырой әкеледі. <u>20-23.10.25ж.</u>				
8	Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» «Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажап ел!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 8-САБАҚ 9- сыныптар: Ештеңеге өкінбеу үшін дұрыс таңдауды қалай жасау және керек?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.10.25ж.
II тоқсан				
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы 15 қараша – «Ұлттық валюта» теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
1-апта дәйексөзі: Адамдар әділ болса, өмір әрқашан әділ. Әбіш Кекілбаев <u>03-07.11.25ж.</u>				
9	«Адал азамат» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 9-САБАҚ 9- сыныптар: Жасөспірімдер жұмысқа орналасу кезінде не туралы білуі керек	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	0.11.25ж.
2-апта дәйексөзі: Алдына келсе, әділдігіңді аяма. Ыбырай Алтынсарин <u>10-14.11.25ж.</u>				
10	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні «Ұлттық теңге - Тәуелсіздігіміздің нышаны» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 10-САБАҚ 9- сыныптар: Кәмелетке толмағандардың құқықтық жауапкершілігі қай жастан басталады	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	10.11.25ж.
3-апта дәйексөзі: «Өміріңнің сапасына тек сен жауаптысың!» Бауыржан Момышұлы <u>17-21.11.25ж.</u>				
11	«ДОСБОЛЛИКЕ» «Буллингтен қорған! » «Қоршаған орта және өміршендікті дамыту» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	17.11.25ж.

	№ 11-САБАҚ 9- сыныптар: Қазақстандағы сенім телефондарының және шұғыл қызметтердің нөмірлері			
4-апта дәйексөзі: Жұрт әділ болмай, жұрт ісі оңға баспайды. Әлихан Бөкейханов <u>24-28.11.25ж.</u>				
12	«Жасөспірім және заң: құқықты біл, жауапты бол!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 12-САБАҚ 9- сыныптар: Экстремалды әуестер: қауіпті жағдайлардан қалай аулақ болу керек?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	24.11.25ж.
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1-апта дәйексөзі: Қыл өтпестей татулықты бір ашуға сатпас болар.(Мұхтар Әуезов) <u>01-05.12.25ж.</u>				
13	5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні «Ерікті болу – ерлікпен тең» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 13-САБАҚ 9- сыныптар: Жанжалды қалай шешуге болады?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	01.12.25ж.
2-апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған,Қосылып еккен ағаш – орман. <u>08-12.12.25ж.</u>				
14	«Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл (24.12.1910–10.06.1982).» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 14-САБАҚ 9- сыныптар: Ата-ананың сенімі мен үшін маңызды	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	08.12.25ж.
3-апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек,Бірлікті ойлау үшін тірлік керек.(Төле би)				

15-19.12.25ж.				
15	«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым»/ Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 15-САБАҚ 9- сыныптар: Интернеттегі жәбірлеу: бұл не және онымен қалай күресуге болады?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.12.25ж.
4-апта дәйексөзі: Бірлік түбі - береке.(Майқы би) 22-26.12.25ж.				
16	«Таңғажайып жаңа жыл» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 16- САБАҚ 9- сыныптар: Фейктер және деректер: жауапкершілік туралы не білу керек	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.12.25ж.
III тоқсан				
Қаңтар – заң және тәртіп айы 1 қаңтар – Жаңа жыл				
2-апта дәйексөзі : Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты. Шерхан Мұртаза 12-16.01.26ж.				
17	«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 17-САБАҚ 9- сыныптар: Өзіңізге зиян келтірмеу үшін «жоқ» деп айтуға қалай үйренуге болады?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	12.01.26ж.
3-апта дәйексөзі : Ақыл тату тәртіппен. 19-23.01.26ж.				
18	«ДОСБОЛLIKE» «Буллингтен қорған! » «Өміршеңдік шығармашылықта тұады» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 18- САБАҚ 9- сыныптар: Ештенеге өкінбеу үшін дұрыс тандауды қалай жасау және керек?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	19.01.26ж.
4-апта дәйексөздері: Әділдік бар жерде елдік бар 26-30.01.26ж.				
19	Адал ұрпақ – жарқын болашақ	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	26.01.26ж.

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 19- САБАҚ <i>9- сыныптар: Жасөспірімдер жұмысқа орналасу кезінде не туралы білуі керек</i>			
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
1-апта дәйексөзі: «Жаңашылдық пен жасампаздық – өркендеудің кілті.» 02-06.02.26ж.				
20	«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 20-САБАҚ <i>9- сыныптар: Кәмелетке толмағандардың құқықтық жауапкершілігі қай жастан басталады</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.02.26ж.
2-апта дәйексөзі: «Шығармашылыққа құштар бала – шынайы жаңашыл бала.» 9-13.02.26ж.				
21	«Лудомания» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 21-САБАҚ <i>9- сыныптар: Қазақстандағы сенім телефондарының және шұғыл қызметтердің нөмірлері</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	9.02.26ж.
3-апта дәйексөзі: «Шебердің қолы ортақ, өнердің жолы зор.» 16-20.02.26ж.				
22	Қауіпсіз қоғам. Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 22-САБАҚ <i>9- сыныптар: Экстремалды әуестер: қауіпті жағдайлардан қалай аулақ болу керек?</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.02.26ж.
4-апта дәйексөзі: «Жаңашылдық – дамудың даңғыл жолы.» 23-27.02.26ж.				

23	«Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846–1945)» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 23-САБАҚ <i>9- сыныптар: Жанжалды қалай шешуге болады?</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	23.02.26ж.
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы <u>1 наурыз – Алғыс айту күні</u> <u>8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні</u> <u>21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі</u> 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
1-апта дәйексөзі: «Патриотизм – елді сүю ғана емес, оны қорғап, өркендету.» (Б.Момышұлы) 02-06.03.26ж.				
24	«Алғыс айту – рухани байлық» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 24-САБАҚ <i>9- сыныптар: Ата-ананың сенімі мен үшін маңызды</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.07.26ж..
2-апта дәйексөзі: «Азаттық – ата-бабаның қанымен келген қасиетті аманат.» 9-13.03.26ж.				
25	<u>«Бәрінен биік ана жүрегі»</u> <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 25- САБАҚ <i>9- сыныптар: Интернеттегі жәбірлеу: бұл не және онымен қалай күресуге болады?</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	9.03.26ж.
3-апта дәйексөзі: «Отанын сүйген – халқын сүйеді.» 16-20.03.26ж.				
26	«Наурыз – жыл басы» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 26- САБАҚ <i>9- сыныптар: Фейктер және деректер: жауапкершілік туралы не білу керек</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.03.20ж.
IV тоқсан				
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы <u>2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні</u> <u>7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні</u>				

<u>12 сәуір</u> – Ғарышкерлер күні <u>15 сәуір</u> – Халықаралық мәдениет күні <u>18 сәуір</u> – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні <u>23 сәуір</u> – Ұлттық кітап күні				
1-апта дәйексөзі: Қаракет қыл, пайдасы көпке тисін. (Абай) 30.03-03.04.26ж.				
27	<u>2 сәуір</u> – Халықаралық балалар кітабы күні «Кітап – рухани қазына» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 27- САБАҚ <i>9- сыныптар:</i> Өзіңізге зиян келтірмеу үшін «жоқ» деп айтуға қалай үйренуге болады?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	30.03.26ж.
2-апта дәйексөзі: Күшіңе сенбе - адал ісіңе сен. (Мұхтар Әуезов) 06-10.04.26ж				
28	<u>7 сәуір</u> – Дүниежүзілік денсаулық күні Өмірге салауатты қадам <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 28-САБАҚ <i>9- сыныптар:</i> Ештенеге өкінбеу үшін дұрыс таңдауды қалай жасау және керек?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	06.04.26ж.
3-апта дәйексөзі: «Болашақты айқындайтын кәсіп емес, кәсібін сүйген адам.» 13-17.04.26ж.				
29	«Мамандық таңдау – маңызды шешім» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> №29-САБАҚ <i>9- сыныптар:</i> Жасөспірімдер жұмысқа орналасу кезінде не туралы білуі керек	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	13.04.26ж.
4-апта дәйексөзі: «Білімді жастың – болашағы жарқын, өнерлі жастың – өрісі кең.» 20-24.04.26ж.				
30	«ДОСБОЛЛИКЕ» «Буллингтен қорған! » «Өзіне сену: мен істей аламын, сен істей аласың, біз жасай аламыз!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 30-САБАҚ <i>9- сыныптар:</i> Кәмелетке толмағандардың	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.04.26ж.

	құқықтық жауапкершілігі қай жастан басталады			
5-апта дәйексөзі: Би екеу болса - дау төртеу болады.(Майкы би) 27.04-01.05.2026ж.				
31	«Ынтымақ- достық кепілі» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 31-САБАҚ: 9- сыныптар: Қазақстандағы сенім телефондарының және шұғыл қызметтердің нөмірлері	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	27.04.26ж.
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1-апта дәйексөзі: Бейбіт елде - сән бөлек, бүлінген елде - дау бөлек.(Төле би Әлібекұлы) 04-0.05.26ж.				
32	9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 32-САБАҚ 9- сыныптар: Экстремалды әуестер: қауіпті жағдайлардан қалай аулақ болу керек?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	04.05.26ж.
2-апта дәйексөзі: «Ынтымақты елді жау алмайды, ырысты елді дау алмайды.» 11-15.05.26ж.				
33	«Отбасы құндылықтары – ұлттық құндылық негізі» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 33-САБАҚ 9- сыныптар: Жанжалды қалай шешуге болады?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	11.05.26ж.
3-апта дәйексөзі: «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп.» (Күлтегін) 18-22.05.26ж.				
34	«Білімім – Отаныма!»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	18.05.26ж.

	<i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 34-САБАҚ <i>9- сыныптар: Ата-ананың сенімі мен үшін маңызды</i>			
--	--	--	--	--

Анықтама

**2025 жылғы 30 қыркүйектінде “Тасты ауылының ЖОББМ”
КММ 9 «А»-сыныптың ата-аналар жиналысы өткізілді.**

Күн тәртібі:

Ата-аналар комитетін сайлау

1. Ата-аналар комитеті сайланды

Бала қауіпсіздігі мәселелері

2. Түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жолда жүру ережесімен таныстыру

3. Ата-аналар жолда жүру ережесімен таныс болды.

Интернет ойындарының бала психологиясына әсері

4. Өртүрлі қауіпті ойындар туралы түсіндірме жұмыстары айтылды.

Мектеп формасын сақтау тәртібі

5. Мектептің ішкі тәртібі туралы айтылды.
6. Мектеп формасы туралы айтылды

Буллингтің алдын алу шаралары

7. Буллингтің алдын алу туралы шаралары айтылды

Жиналыс барысында жоғарыда аталған мәселелер қаралып, ата-аналармен бірлесе отырып шешімдер қабылданды.

Жиналысқа қатысқандар: 5 ата-аналар, сынып жетекшісі

Сынып жетекшісі: Бакытбек Е.

Күні: «30 » қыркүйек 2025 ж.